

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 6 «б» сыныбында

2022 -2023 оқу жылының жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама

2022-2023 оқу жылында 6 сыныпқа 20 оқушы қабылданды. Оның ішінде ер бала-9, қыз балалар – 11.Сыныптың әлеуметтік отбасы жағдайы жақсы.

Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн(ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарда сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды.

I.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық - зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1.Білім күніне арналған. «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық»

Мақсаты:оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату.

II.Ұлттықтәрбие

Мақсаты:

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Қауіпсіз мектебim. Көше күтпеген оқиғаға толы жолда жүру ережелерімен таныстырылды. «Компьютердің пайдасы мен зияны» тәрбие сағаты өткізілді. «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» (жұмбақ,мақал-мәтел) оқушыларға жұмбақ жасырылып, мақал-мәтелдерді айту жарысы өтті.

III.Руханиадамгершіліктәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани - адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. «Ана тілімізді құрметтейміз» атты тілдер күніне орай ашық тәрбие сағаты өтті. «Атадан өсиет, анадан – қасиет» ата-әжесінен үйренген баталар жатқа айтылды. Әңгімелер айтылды.

IV.Отбасытәрбиесі

Мақсаты: Ата - аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық - педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

1. «Отбасы – бақыт кілті» тәрбие сағаты өтті. 2.«Ардагерлерді құрметтейік, достар!» (Отан қорғаушылар күніне әкемен кездесу) ашық түрде өтті.

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым - қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Тәрбие сағаттары өтті.

1. «Достық – қамқор мен көмекпен мықты»

2.«Ұлттық валюта – нарық талабы» ашық тәрбие сағаты өтті.

3. «Жас эколог әліппесі»

4. «Таза болса табиғат, аман болады азамат»

VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру

1. КВН интеллектуалды ойындар өткізілді

2. Мамандық тандау үшін- мамандық иелер- мамандық иелерімен кездестіру.

3.«Ғарыш бізбен бірге»

VII. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін - өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез - құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

1. Музейге саяхат

«Сыңғырла, соңғы қоңырау!» қоштасу кеші өткізілді.

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

1. «Қауіп қатердің алдын алу» «Дұрыс тамақтану», Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсетуге үйрету «Ұлттық ойын түрлері» «Өмір қымбат білгенге»

8 бағыт бойынша, ашық та жабық та тәрбие сағаттар өтті.

Сынып жетекшісі:  Б.С.Айтжанов